

«ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін Жалғыз акционердің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін, «ҮМЗ» АҚ-ның есепті қаржы жылындағы шоғырландырылған таза кірісін (түзетілген) бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және 2022-2024 жылдар ішінде «ҮМЗ» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешімдері

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 4/25 шешімі**

Директорлар кеңесі шешті:

1. «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің құзыретіне жататын «ҮМЗ» АҚ қызметінің мәселелері бойынша мынадай шешімдер қабылданын, атап айтқанда:

1.1. 2025 жылғы 24 ақпандағы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудитторының есебімен расталған «ҮМЗ» АҚ-ның 2024 жылға арналған аудиттелген жылдық жеке қаржылық есептілігі бекітілсін:

- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерінің 114 760 257 000 (жүз он төрт миллиард жеті жүз алпыс миллион екі жүз елу жеті мың) теңге және капиталының көрсеткіштерімен 94 667 487 000 (тоқсан төрт миллиард алты жүз алпыс жеті миллион төрт жүз сексен жеті мың) теңге болатын жеке бухгалтерлік баланс;

- 9 753 794 000 (тоғыз миллиард жеті жүз елу үш миллион жеті жүз тоқсан төрт мың) теңге бір жыл ішіндегі пайда көрсеткішімен 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең ішіндегі пайда мен залал туралы жеке есеп;

- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есеп (тікелей әдіс);

- 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезеңдегі капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп.

1.2. 2025 жылғы 24 ақпандағы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудитторының есебімен расталған «ҮМЗ» АҚ-ның 2024 жылға арналған аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі бекітілсін, ол келесілер кіреді:

- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 108 915 896 000 (жүз сегіз миллиард тоғыз жүз он бес миллион сегіз жүз тоқсан алты мың) теңге активтерінің және 87 910 809 000 (сексен жеті миллиард тоғыз жүз он миллион сегіз жүз тоғыз мың) теңге сомасындағы капитал көрсеткіштерімен шоғырландырылған бухгалтерлік баланс;

- 2 939 845 000 (екі миллиард тоғыз жүз отыз тоғыз миллион сегіз жүз қырық бес мың) теңге бір жыл ішіндегі пайда көрсеткішімен 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең ішіндегі пайда мен залал туралы шоғырландырылған жеке есеп;

- 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған жеке есеп (тікелей әдіс);

- 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезеңдегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған жеке есеп.

1.3. «ҮМЗ» АҚ шоғырландырылған таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін (орналасқан орны «ҮМЗ» АҚ: Қазақстан Республикасы, 070005, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102, банк деректемелері: BSN 941040000097, ЖСК KZ756010151000014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да, BSN 940140000385, BSK (SWIFT) – HSBKKZKX, КБе17):

2024 жылғы таза табыстың 100%-ы 2 939 845 000 (екі миллиард тоғыз жүз отыз тоғыз миллион сегіз жүз қырық бес мың) теңге 00 тиын, сондай-ақ 1 917 629 000 (бір миллиард тоғыз жүз он жеті миллион алты жүз жиырма тоғыз мың) теңге 00 тиын мөлшеріндегі соманы құрайтын өткен жылдардағы бөлінбеген табыстан 4 857 474 000,00 (төрт миллиард сегіз жүз елу жеті миллион төрт жүз жетпіс төрт мың) теңге 00 тиын, дивидендтер төлеуге бағытталсын, оның ішінде:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша– 4 582 015 462,78 (төрт миллиард бес жүз сексен екі миллион он бес мың төрт жүз алпыс екі) теңге 78 тиын;

- артықшылық берілген акциялар бойынша 275 458 537,22 (екі жүз жетпіс бес миллион төрт жүз елу сегіз мың бес жүз отыз жеті) теңге 22 тиын;

1.4. «ҮМЗ» АҚ 1 (бір) жай акциясына шаққанда 1 040,15 (бір мың қырық) теңге 15 тиын сомасында дивиденд мөлшері бекітілсін.

1.5. «ҮМЗ» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеудің басталу күні 2025 жылғы 30 маусым болып белгіленсін.

1.6. «ҮМЗ» АҚ-ның 2024 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтерді «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның банк шотына акционерлердің жалпы жиналысы «ҮМЗ» АҚ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 90 күннен кешіктірмей қолма-қол ақшасыз аудару жолымен төлесін.

2. Осы шешім 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін жалғыз акционердің шешімі болып есептелсін.

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 21/24 шешімі

Директорлар кеңесі шешті:

1. «ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін жалғыз акционердің құзыретіне жататын «ҮМЗ» АҚ қызметінің мәселелері бойынша мынадай шешімдер қабылданын:

1.1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің №17 мәселе бойынша 2024 жылғы 22 тамыздағы № 13/24 шешімімен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің «ҮМЗ» АҚ қызметінің кейбір мәселелері туралы» 7 мәселе бойынша 2024 жылғы 24 мамырдағы № 10/24 шешімі.

1) 1-тармақтың 1.2-тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«1.2. 2023 жылғы есепті қаржы жылы үшін 17 638 627 000 (он жеті миллиард алты жүз отыз сегіз миллион алты жүз жиырма жеті мың) теңге 00 тиын сомасында «ҮМЗ» АҚ шоғырландырылған таза кірісін бөлудің келесі тәртібі бекітілсін (Орналасқан орны «ҮМЗ» АҚ: Қазақстан Республикасы, 070005, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102, банк деректемелері: БСН 941040000097, ЖСК KZ756010151000014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да, БСН 940140000385, БСК (SWIFT) – HSBKKZKX, КБел17):

50% - шоғырландырылған таза кірістен 8 819 313 500 (сегіз миллиард сегіз жүз он тоғыз миллион үш жүз он үш мың бес жүз) теңге сомасында дивидендтер төлеуге бағытталсын, оның ішінде:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша – 8 219 160 779,63 (сегіз миллиард екі жүз он тоғыз миллион жүз алпыс мың жеті жүз жетпіс тоғыз) теңге 63 тиын;

- артықшылық берілген акциялар бойынша 600 152 720,37 (алты жүз миллион жүз елу екі мың жеті жүз жиырма) теңге 37 тиын;

50% - шоғырландырылған таза табыстан 8 819 313 500 (сегіз миллиард сегіз жүз он тоғыз миллион үш жүз он үш мың бес жүз) теңге 00 тиын сомасында «ҮМЗ» АҚ бөлінбеген пайдасының құрамында қалдырылсын.

1 (бір) жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 1 865,80 (бір мың сегіз жүз алпыс бес) теңге 80 тиын сомасында бекітілсін.

«ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жыл үшін жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу күні-2024 жылғы 27 желтоқсан болып белгіленсін»;

2) 1-тармақтың 1.5-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.5. «ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтерді «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның банк шотына қолма-қол ақшасыз аудару жолымен төлесін (занды мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Астана қ., Сығанақ к-сі, 17/12 үй, БСН 970240000816 IBAN KZ356010131000049659 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да БСК HSBKKZKX, КБЕ 16»;

1.2. 1.1-тармақ бойынша шешім 2024 жылғы 24 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы шешім «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес шешімі болып есептелсін.

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 24 мамырдағы № 10/24 шешімі**

Директорлар кеңесі шешті:

1. «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің құзыретіне жататын «ҮМЗ» АҚ қызметінің мәселелері бойынша мынадай шешімдер қабылданын, атап айтқанда:

1.1. 2024 жылғы 22 ақпандағы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудиторының аудиторлық есебімен расталған «ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жылға аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі бекітілсін, оған мыналар кіреді:

- 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 119 418 390 мың (жүз он тоғыз миллиард төрт жүз он сегіз миллион үш жүз тоқсан мың) теңге активтерінің және 93 777 749 (тоқсан үш миллиард жеті жүз жетпіс жеті миллион жеті жүз қырық тоғыз мың) теңге сомасындағы капитал көрсеткіштерімен шоғырландырылған бухгалтерлік баланс;

- 17 638 627 000 (он жеті миллиард алты жүз отыз сегіз миллион алты жүз жиырма жеті мың) теңге бір жыл ішіндегі пайда көрсеткішімен 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең ішіндегі пайда мен залал туралы шоғырландырылған жеке есеп;

- 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс);

- 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезеңдегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған жеке есеп.

1.2. 2023 жылғы есепті қаржылық жыл үшін 17 638 627 000 (он жеті миллиард алты жүз отыз сегіз миллион алты жүз жиырма жеті мың) теңге 00 тиын сомасында «ҮМЗ» АҚ шоғырландырылған таза кірісін бөлудің келесі тәртібі бекітілсін (Орналасқан орны «ҮМЗ» АҚ: Қазақстан Республикасы, 070005, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102, банк деректемелері: БСН 941040000097, ЖСК KZ756010151000014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да, БСН 940140000385, БСК (SWIFT) – HSBKKZKX, КБЕ17):

60 % шоғырландырылған таза табыстан 10 583 176 200 (он миллиард бес жүз сексен үш миллион бір жүз жетпіс алты мың екі жүз) теңге сомасында дивидендтер төлеуге бағытталсын, оның ішінде:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша – 9 983 023 479,63 (тоғыз миллиард тоғыз жүз сексен үш миллион жиырма үш мың төрт жүз жетпіс тоғыз) теңге 63 тиын;

- артықшылық берілген акциялар бойынша 600 152 720,37 (алты жүз миллион жүз елу екі мың жеті жүз жиырма) теңге 37 тиын;

40% - шоғырландырылған таза табыстан 7 055 450 800 (жеті миллиард елу бес миллион төрт жүз елу мың сегіз жүз) теңге сомасында «ҮМЗ» АҚ бөлінбеген пайдасының құрамында қалдырылсын.

1.3 1 (бір) жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 2 266,21 (екі мың екі жүз алпыс алты) теңге 21 тиын сомасында бекітілсін.

1.4 «ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жыл үшін жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу күні-2024 жылғы 30 маусым болып белгіленсін;

1.5. «ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтерді «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның банк шотына «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері «ҮМЗ» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім

қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 90 күннен кешіктірмей қолма-қол ақшасыз аудару жолымен төлесін (заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Астана қ., Сығанақ к-сі, 17/12 үй, БСН 970240000816 IBAN KZ356010131000049659 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да БСК HSBKKZKX, КБЕ 16)

1.6. «ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жылғы 1 (бір) артықшылық берілген акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 2 266,21 (екі мың екі жүз алпыс алты) теңге 21 тиын сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес шешімі болып есептелсін.

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 мамырдағы № 5/23 шешімі

Директорлар кеңесі шешті:

1. «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің құзыретіне жататын «ҮМЗ» АҚ қызметінің мәселелері бойынша мынадай шешімдер қабылданын, атап айтқанда:

1.1. 2023 жылғы 21 ақпандағы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудиторының Есебімен расталған «ҮМЗ» АҚ-ның 2022 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі бекітілсін, оған мыналар кіреді

- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 155 121 874 000 (жүз елу бес миллиард жүз жиырма бір миллион сегіз жүз жетпіс төрт мың) теңге активтерінің және 83 323 291 000 (сексен үш миллиард үш жүз жиырма үш миллион екі жүз тоқсан бір мың) теңге сомасындағы капитал көрсеткіштерімен шоғырландырылған бухгалтерлік баланс;

- 12 699 349 000 (он екі миллиард алты жүз тоқсан тоғыз миллион үш жүз қырық тоғыз мың) теңге бір жыл ішіндегі пайда көрсеткішімен 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең ішіндегі пайда мен залал туралы шоғырландырылған жеке есеп;

- 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс);

- 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезеңдегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған жеке есеп.

1.2. 2022 жылғы есепті қаржылық жыл үшін 12 074 913 699 (он екі миллиард жетпіс төрт миллион тоғыз жүз он үш мың алты жүз тоқсан тоғыз) теңге 00 тиын сомасында «ҮМЗ» АҚ шоғырландырылған таза кірісін бөлудің келесі тәртібі бекітілсін (Орналасқан орны «ҮМЗ» АҚ: Қазақстан Республикасы, 070005, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102, банк деректемелері: БСН 941040000097, ЖСК KZ756010151000014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да, БСН 940140000385, БСК (SWIFT) – HSBKKZKX, КБЕ 17):

60 % - шоғырландырылған таза табыстан (түзетілген) 7 244 948 219,40 (жеті миллиард екі жүз қырық төрт миллион тоғыз жүз қырық сегіз мың екі жүз он тоғыз) теңге сомасында дивидендтер төлеуге бағытталсын, оның ішінде:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша – 6 834 100 350,99 (алты миллиард сегіз жүз отыз төрт миллион жүз мың үш жүз елу) теңге 99 тиын;

- артықшылық берілген акциялар бойынша 410 847 868,41 (төрт жүз он миллион сегіз жүз қырық жеті мың сегіз жүз алпыс сегіз) теңге 41 тиын;

40 % - шоғырландырылған таза табыстан (түзетілген) 4 829 965 479,60 (төрт миллиард сегіз жүз жиырма тоғыз миллион тоғыз жүз алпыс бес мың төрт жүз жетпіс тоғыз) теңге 60 тиын сомасында бөлінбеген пайдасының құрамында қалдырылсын;

1.3. 1 «ҮМЗ» АҚ (бір) жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 1 551,38 (бір мың бес жүз елу бір) теңге 38 тиын сомасында бекітілсін.

1.4. «ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жыл үшін жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу күні-2023 жылғы 30 маусым болып белгіленсін;

1.5. «ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтерді «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның банк шотына «ҮМЗ» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 90 күннен кешіктірмей қолма-қол ақшасыз аудару жолымен төлесін (заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Астана қ., Сығанақ к-сі, 17/12 үй, БСН 970240000816 IBAN KZ356010131000049659 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да БСК HSBKKZKX, КБЕ 16)

2. Осы шешім «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес шешімі болып есептелсін.

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің
2022 жылғы 27 мамырдағы № 4/22 шешімі**

Директорлар кеңесі шешті:

1. «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің құзыретіне жататын «ҮМЗ» АҚ қызметінің мәселелері бойынша мынадай шешімдер қабылданын, атап айтқанда:

1.1 2022 жылғы 22 ақпандағы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудиторының Есебімен расталған «ҮМЗ» АҚ-ның 2021 жылға аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігі бекітілсін, оған мыналар кіреді:

- 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 111 988 788 000 (жүз он бір миллиард тоғыз жүз сексен сегіз миллион жеті жүз сексен сегіз мың) теңге активтерінің және 75 358 851 000 (жетпіс бес миллиард үш жүз елу сегіз миллион сегіз жүз елу бір мың) теңге сомасындағы капитал көрсеткіштерімен шоғырландырылған бухгалтерлік баланс;

- 5 605 793 000 (бес миллиард алты жүз бес миллион жеті жүз тоқсан үш мың) теңге бір жыл ішіндегі пайда көрсеткішімен 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең ішіндегі пайда мен залал туралы шоғырландырылған жеке есеп;

- 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс);

- 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезеңдегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған жеке есеп.

1.2. 2021 жылғы есепті қаржылық жыл үшін 5 077 166 343,28 (бес миллиард жетпіс жеті миллион бір жүз алпыс алты мың үш жүз қырық үш теңге 28 тиын сомасында «ҮМЗ» АҚ шоғырландырылған таза кірісін бөлудің келесі тәртібі бекітілсін (Орналасқан орны «ҮМЗ» АҚ: Қазақстан Республикасы, 070005, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102, банк деректемелері: БСН 941040000097, ЖСК KZ756010151000014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да, БСН 940140000385, БСК (SWIFT) – HSBKKZKX, КБЕ17):

80 % - шоғырландырылған таза табыстан 4 061 733 074,62 теңге (төрт миллиард алпыс бір миллион жеті жүз отыз үш мың жетпіс төрт теңге 62 тиын) теңге сомасында дивидендтер төлеуге бағытталсын, оның ішінде:

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жай акциялары бойынша – 3 831 399 561,50 (үш миллиард сегіз жүз отыз бір миллион үш жүз тоқсан тоғыз мың бес жүз алпыс бір теңге 50 тиын);

- артықшылық берілген акциялар бойынша 230 333 513,12 (екі жүз отыз миллион үш жүз отыз үш мың бес жүз он үш теңге 12 тиын);

20 % - шоғырландырылған таза табыстан (түзетілген) 1 015 433 268,66 (бір миллиард он бес миллион төрт жүз отыз үш мың екі жүз алпыс сегіз теңге 66 тиын) сомасында өндірісті дамытуға бағытталсын.

1.3 1 (бір) жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері 869,75 (сегіз жүз алпыс тоғыз теңге 75 тиын) теңге сомасында бекітілсін.

1.4 2023 жылдың қорытындылары бойынша «ҮМЗ» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу күні-2022 жылғы 30 маусым болып белгіленсін;

1.5. «ҮМЗ» АҚ-ның 2023 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтерді «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін «ҮМЗ» АҚ Жалғыз акционері – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның банк шотына «ҮМЗ» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 90 күннен кешіктірмей қолма-қол ақшасыз аудару жолымен төлесін (заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Астана қ., Сығанақ к-сі, 17/12 үй, БСН 970240000816 IBAN KZ356010131000049659 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да БСК HSBKKZKX, КБЕ 16).

2. Осы шешім «ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес шешімі болып есептелсін.

Аударған: М. Абикенова

